

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Керқұла атты Кендебай» ертегісінің композициялық құрылысыЖАРИЯЛАНДЫ
29.10.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/108653/>

Сабақтың тақырыбы	«Керқұла атты Кендебай» ертегісінің композициялық құрылысы	
Күні	21.09.2021	
Сыныбы	6	
Мұғалімнің аты-жөні	Есбосынова Ж	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.1.4.1. Сюжет және композиция ұғымын меңгеру, құрылымдылық сатыларын білу.	
Жоспар		
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер

Сабақтың басы 5 минут	<p>I.Ұйымдастыру кезеңі (Оқушыларды түгендеп ,сабаққа назарын аударамын. Сабақ мақсатымен таныстырамын) II.Қызығушылықты ояту</p> <p>Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындайды 1.Сюжеттің басталуы: Кендебайдың дүниеге келуі Сюжеттік байланысы: Кендебайдың көкжалды өлтіріп, құлынды құтқаруы Сюжеттің шиеленісуі: Керқұла құлынды асырап, онымен аң аулап, елге қамқорлық жасауы Сюжеттің шарықтау шегі: қозы баққан баламен кездесуі Шығарманың шешімі: баланың ата -анасын құтқарып, еліне аман -есен оралуы</p>	Алты томдық «Қазақ ертегілері» жинағы, «Жазушы» баспа
Сабақтың ортасы 10 минут	<p>Жанр (французша genre, латынша generis — түр, тек) — өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі.</p> <p>Фабула (лат.<i>Fabula</i> — аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) — көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу.</p> <p>Сюжет (фр.<i>sujet</i> — зат) — өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі.</p> <p>Образ, көркем образ — шындықты танып-білуде әдебиет пен өнерге тән ерекше эстетикалық категория</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=DJFyBaa8ziw Тыңдалым.</p>	
15 минут	<p>Балалар, енді Кендебай батырдың бойынан қандай қасиеттер көргендігімізді топтастырайық. Қайырымдылығы: жылағанды жұбатыпты, қысылғанға жәрдем беріпті. Қамқорлығы: Қарасудың бойындағы жыртық үйлі кеделерді аң аулап асырауы. Жанашырлығы: жетім баланы жұбатып, әке-шешесін тауып беруге уәде беруі. Кішіпейіл: хан қызының ақылын тыңдап, «Айрылғырдың суы айырыл!» деуі. Адалдығы: жұлынып қалған қолындағы құлынның алтын құйрығын ханға табыс етуі. Шыдамдылығы: шаршаса да түн бойы көз ілмей құлынды күзеткендігі. Ақылдылығы: ханға келген шаруасын, өзінің қарапайым адам екендігін айтуы, баланың әке-шешесін босатуға рұқсат сұрағандығында.</p>	http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/7485
Бағалау 5 минут	<p>Өзара бағалау Тақырып төңірегінде пікір алмасады Кейіпкерге мінездеме береді</p>	
Сабақтың соңы 5 минут	<p>Кері байланыс. «Кендебай» деген сөзден басталатын 5 сөйлем айтады.</p>	
Үй тапсырмасы	Шығарманың толық нұсқасын оқып келу	

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.